

Пластиктен жасалған төлем құралдарын енгізуді жеделдету мақсатында жұмыс комиссиясын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрі Бірінші орынбасарының Өкімі 25 сәуір 1994 ж. N 4-13-ө

1. Халықтың тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін есеп айырысуында пластиктен жасалған төлем құралдарын енгізуді жеделдету мақсатында қосымшаға сәйкес құрамда жұмыс комиссиясы құрылсын:

Комиссияға министрліктердің, ведомстволар мен ғылыми мекемелердің, сондай-ақ шетелдік фирмалардың сарапшылары мен консультанттарын жұмысқа тарту құқығы берілсін.

2. Комиссия халықтың тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін пластиктен жасалған төлем құралдарын қолдана отырып қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесін енгізудің бас тапсырыс берушісін белгілейтін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі бас тапсырыс берушімен бірлесіп 1 мамырға дейінгі мерзімде қолма-қол ақшасыз есеп айырысулардың аталған жүйесін іске асыру үшін шетелдік қаржы көмегін тарту жөніндегі жұмысты жүргізетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бас тапсырыс берушімен бірлесіп аталған жобаны жүзеге асыру үшін тартылған кредиттерді дер кезінде өтеу тетігін әзірлесін.

5. Қазақстан Республикасының Байланыс министрлігі байланыс арналарының қажетті саны мен пластиктен жасалған төлем құралдарын енгізу жобасын іске асыруға байланысты басқа да мәселелердің шешілуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Сауда министрлігі, Көлік министрлігі және басқа да мүдделі кәсіпорындар мен ұйымдар бас тапсырыс берушімен бірлесіп шарттық негізде ведомстволық бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдардың халықтың тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысу автоматтандырылған жүйесіне қосылуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі халықтың

тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін қолма-қол ақшасыз есеп айырысуы үшін пластиктен жасалған төлем құралдарын пайдаланудың нормативтік-құқықтық негізін әзірлеуді көздесін.

8. Комиссия екі ай мерзімде осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулысының жобасын енгізетін

болсын.

Премьер-министрдің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
Бірінші Орынбасарының
1994 жылғы 25 сәуірдегі
N 4-13 өкіміне
Қосымша

Халықтың тауарлар мен көрсетілген қызметтер үшін
пластиктен жасалған төлем құралдарын қолдана отырып
қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жүйесін енгізу жөніндегі
комиссияның
Құрамы

Қажыгелдин Ә.М. - Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің
бірінші орынбасары (төраға)

Аманов Қ. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
орынбасары

Аханов С.А. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің
орынбасары

Әзірбаев С.Д. - Крамдс банк төрағасының орынбасары

Гусева Г.В. - Қазақстан Республикасының Президенті мен
Министрлер Кабинеті Аппараты Қаржы, еңбек
және әлеуметтік қорғау бөлімінің меңгерушісі

Исин Н.Қ. - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі
Аппараттандыру департаментінің директоры

Каплан Т.Л. - Қазақстан Республикасы Көлік министрінің
орынбасары

Құдайбергенов Д.Қ. - Қазақстан Республикасы Халықаралық банкінің
төрағасы

Нилов Ю.Д. - Қазақстан Республикасы Байланыс министрінің
орынбасары

Нұрбеков М. - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің
орынбасары

Реуцкий Ю.В. - "Мақсат" ҒӨБ-нің директоры

Сазанов С.С. - Қазақстан Республикасы Әлем Банкі төрағасының

бірінші орынбасары

Телемтаева М.С. - Қазақстан Республикасы Сауда министрінің
орынбасары

Уткина Л.М. - Қазжолбанкі төрағасының орынбасары

Юровский П.М. - Төранбанк төрағасының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК